

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БӨЛІМШЕ ҚАРАСТЫ

«№39 Л.ЖОЛДАСОВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ»КММ

Ата аналармен жұмыс

Ата аналарды психологиялық педагогикалық қолдау қызметімен
таныстыру

Дефектолог, мұғалімнің түзету жұмыстары туралы ақпарат беру

Дефектолог:З.Оралбаева

2021-2022 оқу жылы

№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мекемесі

Ата аналарды психологиялық педагогикалық қолдау қызметімен таныстыру бойынша өткізілген жұмыс туралы хаттамасы

Қатысқандар:11
Қатыспаған:5

Күні:12.11.2021ж

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Ата-аналармен амандасу, жиналыстың мақсатымен таныстыру.
- 2.Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мүмкіндіктерімен таныстыру
3. Ата-ана мен педагогтер арасында, сұрақ -жауап

Мақсаты: Ата аналардың мектептегі инклюзивті білім беру бойынша түсініктерін арттыру. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың білім алуудағы ерекшеліктерін ескере отырып оларға ерекше жан жақты білім алуына көмек көретілетіндігі және оның бала дамуына, қалыптасуына үлкен көмегі болатындығы туралы ата анаға дұрыс мәлімет жеткізу.

Жұмыс барысы

- 1.Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар қош келдіңіздер!
Бүгінгі жиналысқа уақыт бөліп келгендеріңіз үшін рақмет.
Бүгін жиналысымызда мектептегі инклюзивті білім беру туралы, «инклюзивті білім беру», «педагогикалық-психологиялық қолдау қызметі» туралы анықтама беретін боламыз.
Жиналыс соңында сұрақтарыңызды қойсаңыздар болады.
- 2.Инклюзивті білім беру дегеніміз барлық баланың теңдей білім алуға құқығын қорғау мақсатында ұйымдастырылған білім беру саласы. Инклюзивті білім беруде баланың білім алуудағы жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балаға жан-жақты қолдау көрсету, оқушы өз қатарымен оқу бағдарламасын игере алмаған жағдайда оны жеңілдету.
Психологиялық-педагогикалық қолдау мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім алуудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және арнайы білім беру жүйесінде тіркелген және жүзеге асырылған технология болып табылады. Жалпы білім беру бағдайындағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау арнайы білім беру ұйымдарының тәжірибелерін пайдалану негізінде құрылды. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуудағы ерекше қажеттіліктері:
психологиялық-педагогикалық қолдауға қажеттілік анықтала салысымен бірден онымен айналысатын ету;
арнайы дамыған балаларды оқытуға қатысты қолданылмайтын оқытудың арнайы құралдары мен тәсілдерін пайдалану;
оқытудың тандалған бағдарламасының баланың даму деңгейіне, шынайы жетістіктеріне (білім беру мониторингісі) сәйкестігін үнемі бақылау;
балалардың психосоматикалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін кеңістіктік және мезгілдік білім беру ортасын ұйымдастыру;

баланы қоршаған барлық ересектердің оның білім алудағы ерекше қажеттіліктерін шешуге қатысуы.

Төменде аталғандарға негізделіп отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау (педагогикалық қолдау) бағытталуға тиістілер:

баланың денсаулығын және дене күшін қолдау: бала өмірінің денсаулық-сақтау түзімін нығайта отырып, оларды жеке таңдалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын қимылдарға қатыстыру;

балалардың зерде дамуын қолдау: әрбір баланың танымдық ерекшелігін анықтау және дамыту, оның әрекетінің табысты болуы үшін жағдай тудыру;

баланы қарым-қатынас саласында қолдау: балаларға гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезіндегі әрекеттерде жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, әртүрлі түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;

баланың жанұясын қолдау: жанұялық қатынасты зерттеу, олардың үйлесімді болуына көмек көрсету.

педагогикалық қолдау ерекше шығармашылық ахуалды құру мен балаларға жағдайды таңдауды қолдауды білдіреді. Бұндай жағдайлар оқушылардан білімді, икемділікті ғана емес, сондай-ақ рефлексия тәжірибесін, шешімді өздігінен қабылдауды, ерік пен мінезін байқатуды талап етеді.

(психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары:

1) бала дамуындағы кез келген мәселені шешудің кешенді, пәнаралық тәсілдері.

2) Әсіресе серіктестік баланың мектепте және жанұяда дамуының, мамандар (психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог) мен 5 мұғалімдердің іргелес ғылымның білімін, тәжірибелерін меңгерудің бірыңғай стратегиясын әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған.

3) Білім беру үдеріндегі баланың дамуын қолдаудың үздіксіздігі

дефектолог-мұғалімі жылдағы заңдағы терминдердің өзгерістеріне байланысты **Арнайы педагог** болып саналады баланың сабақтағы негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын игеруге көмектесу мақсатында баламен танымдық қабілеттерін арттыру, зейін, есте сақтау, қабылдау, оқу жазу, қимылдарымен жұмыс жасайды.

Ұсыныстар:

1. Сынып жетекшісімен үнемі ата-ана байланыста болу
2. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту. Тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру керек

Педагог-дефектолог:

З. Оралбаева

Хатшы:

Д. Майлашова



Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың
ата аналарына арналған сауалнамалар жүргізу
Ата –аналардан балалары туралы ақпарат алу бойынша
жүргізілген жұмыс туралы

Күні: 06.09.2021 ж

Мұғалім: З.Оралбаева

Мақсаты: Ата аналардан балалары туралы мәлімет алу және балаға қаншалықты жақсы көңіл бөлетіндігін білу. Балаға қолайлы орта тудыру арқылы, баланың дамуына жан жақты ықпал ету, білім алудағы қиындықтарды жеңуге және қоршаған ортаға бейімдеуде ата-анамен мектептің ортақ жұмыс жасауы.

Жоспар:

1. Ата-аналармен амандасу, жиналыстың мақсатымен таныстыру.
2. Ата-аналарға сауалнама жүргізу.
3. Ата –аналардан оқушы туралы ақпарат жинау. Әңгіме жүргізу.
4. Оқушымен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жүргізілуіне ата ана келісімін алу

Қатысқандар: 5 ата ана қатысты

Жұмыс барысы

1. Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар қош келдіңіздер!

Бүгінгі жиналысқа уақыт бөліп келгендеріңіз үшін рақмет.

Бүгінгі жиналысымызда сауалнама жүргізіліп бала туралы толығырақ ақпарат алатын боламыз және бала тәрбесі туралы кеңес берілетін болады.

Олай болса сауалнама сұрақтарымен танысып шығып жауаптарыңызды жазыңыздар.

Ата-аналарға арналған сауалнама.

Құрметті, ата-аналар ұсынылатын сұрақтарға жауап беруіңізді сұраймыз. бұл мектеп мамандары мен мұғалімдердің балаларға оқытуды ұйымдастыру мен көмек көрсетуді жақсартуға септігін тигізеді. мінез-құлықтың (дамудың) бірде-бір белгісін өткізбей, крест кою немесе ұсынылған төрт жауаптың бірін сызу қажет. егер маңызды деп санасаңыз, бала туралы қосымша ақпарат жазыңыз.

2. Ата-аналарға дефектолог мұғалімнің психологиялық кеңесі

Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы өретіндігіңізді сездіртіңіз.

Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.

Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.

Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.

Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.

Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.

Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.

Асықпа, асықпа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында талап етпеңіз.